


# ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП 2021 Ж. ҚАҢТАР-ШІЛДЕ



**75,2**  
МЛРД ТГ



**105,4%**  
ФКИ

■ Текстиль ■ Одежда ■ Кожа и обувь

**\$33,9**  
МЛН



**ЭКСПОРТ**

Импорт 89%  
ОТӨ 11%





**НАРЫҚ**

**\$1003,2**  
МЛН



**ИМПОРТ**

Нарық, экспорт және импорт бойынша 2021 ж.  
қаңтар-маусымдағы деректер



**ӨҢІРЛЕРДЕГІ ӨНДІРІС**

## 2021 жылғы қаңтар-шілдедегі жеңіл өнеркәсіп

Жеңіл өнеркәсіп **өнімі өндірісінің көлемі** 2021 жылғы қаңтар-шілдеде 75,2 млрд теңгені құрады, бұл, номиналды көріністе 2020 жылғы осы кезеңдегі деңгейден 14% жоғары.

Осу саланың барлық ішкі секторларында байқалады. Тоқыма өнімдері өндірісінде (+4,5%), киім өндірісінде (+29%), былғары және оған жататын өнім өндірісінде (+16,6%).

Жеңіл өнеркәсіп өнімі өндірісінде негізгі үлесті тоқыма өндірісі құрайды – 39,4 млрд теңге, сосын киім өндірісі – 28,8 млрд теңге және былғары мен оған жататын өнім өндірісі – 7 млрд теңге.

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **физикалық көлемінің индексі** 2021 жылғы қаңтар-шілдеде 2020 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 105,4% құрады.

Осу киім өндірісі (+18,7%) және былғары мен оған жататын өндірістің (+7,9%) ішкі салаларында байқалады. Тоқыма өнімі өндірісінің ішкі саласында төмендеу байқалады (-2,4%).

**Киім өндірісі ФКИ 118,7%** өсуі пальто, плащ, жылы куртка (шаңғыға арналғанды қоса алғанда), ерлерге арналған желбегей өндірісінің 5 есе; пиджак және блейзер, жакет, тоқымадан басқа ерлерге арналған пиджак сияқты курткалар өндірісінің 2,1 есе; ерлерге арналған тоқыма костюм, жиынтықтар, пиджак, шалбар, комбинезон, бриджи және шорты (суға арналғаннан басқа) өндірісінің 75,7%; машинамен немесе қолмен тоқылған колготки өндірісінің 61%; тенниска, шортимен майка, күпәйке және осыған ұқсас тоқыма бұйымдар өндірісінің 41,3%; ерлерге арналған жұмыс киімі өндірісінің 36%, басқа да жұмыс киім өндірісінің 27% өсуі есебінен болды.

**Былғары және оған жататын өнім өндірісі ФКИ 107,9%** өсуі әр түрлі материалдан жасалған чемодан, саквояж, сөмке, портфель, рюкзак, футляр өндірісінің 10 есе; үстіңгі беті полимер материалдан жасалған су өткізбейтін аяқ киім өндірісінің 8,1 есе; көшеге арналған аяқ киім (сандалдан басқа) және үстіңгі беті резеңке және полимер материалдан жасалған үйге арналған аяқ киім өндірісінің 4,2 есе; ІҚМ терісінен жасалған былғары өндірісінің 46% өсуі есебінен болды.

**Тоқыма өнімі өндірісінің -1,4% (ФКИ 97,6%)** төмендеуі негізінен мақта талшығы өндірісінің 40,3%; мақта иірімжібі өндірісінің 22,6%; синтеткалық штапель талшықтан жасалған мата өндірісінің 85,7%; мақта мата өндірісі көлемінің 9,4% қысқаруына байланысты.

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **экспорт көлемі** 2021 жылғы қаңтар-маусымда 33,9 млн. АҚШ долл. құрады, бұл, 2020 жылғы осы кезеңнен 9,7% жоғары. Экспорт жеткізулердің өсуі киім тауарларында 72,5% және былғары мен оған жататын өнімде 2 есе байқалады. Экспорттың қысқаруы тоқыма бұйымдары тауарларында (12%) байқалады. Негізгі экспорт елдері: Ресей, Қытай, Литва.

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **импорт көлемі** 2021 жылғы қаңтар-маусымда 1 003,2 млн. АҚШ долл. құрады, бұл, осы кезеңмен салыстырғанда 50,4% жоғары. Импорт жеткізулердің өсуі жеңіл өнеркәсіптің барлық ішкі

салаларында байқалады: тоқыма өнімдері (+37,5%), былғары және оған жататын өнім (+67,5%), киім (+50,8%). Негізгі импорттаушы елдер: Қытай, Ресей, Түркия.

2021 жылғы қаңтар-маусымда ҚР жеңіл өнеркәсіп **нарығының көлемі** 1 123 млн АҚШ долл. (*65,1 млрд теңге*) құрады, ОТӨ үлесі 11%, импорт өнім үлесі – 89%.

Сала төрт өңірде жоғары **аумақтық шоғырланумен** ерекшеленеді: Шымкент қ., Алматы және Түркістан облыстарында және Алматы қ.

Шымкент қ. жеңіл өнеркәсіп үлесі республиканың жалпы көлемінің 21,2% құрайды. Алматы облысында – 14,1%, Түркістан облысында 12% жуық, Алматы қ. – 10,3%.